

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТУЛАРЫ, БАЙРАҚТАРЫ, ЖАЛАУЛАРЫ

Ратбек А.

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.

Қазақ хандығының тулары, байрақтары мен жалаулары - көшпелі мемлекет тарихының ажырамас әрі аса маңызды рәміздік жүйесінің бір бөлігі. XV ғасырдың орта шенінде Шу мен Талас өңірінде құрылған Қазақ хандығы тек саяси құрылым ғана емес, сонымен қатар өзіне тән мемлекеттік белгілері, әскери дәстүрлері, идеологиялық дүниетанымы қалыптасқан күрделі жүйе болды. Мемлекеттік құрылыстың мағызды әрі көрнекті элементтерінің бірі - ту. Ту - бір мемлекеттің егемендігін білдіретін айрықша нышан, елдік тұтастықтың, соғыс пен бейбітшіліктің, билік пен мемлекеттілік дәстүрінің көрінісі. Көшпелі өркениетте туға ерекше мән берілген.

Түркі-моңғол халықтары үшін ту жай ғана әскери белгі емес, ол - аса қасиетті рухани күшке ие, тіпті киелі саналатын реликт. Ту арқылы ру-тайпалардың бірлігі, хан әулетінің құдіреті, халықтың тәуелсіз рухы бейнеленген. Дала заңына сәйкес, ту құлаған күн - елдің бағы шайқалып, рухы түскен сәт, ал ту көтерілген күн - мемлекеттің мерейі өсіп, бірліктің күшейген кезі деп есептелген.

Қазақ хандығының ту мәдениеті ежелгі түркілердің «туғ» дәстүрінен бастау алады. Ғұндар мен Түрік қағанаты дәуірінде ту құдыреттің, Көк Тәңірінің қорғауының символы ретінде қарастырылған. Бұл дәстүр Алтын Орда мемлекеті арқылы қазақ қоғамына келіп, кейін хандар, сұлтандар, батырлар мен тайпалардың өз рәміздеріне айналды. Әр ханның, әр әскербасының, тіпті әр ру-тайпаның жалауы болған. Жалаулардағы түс, өрнек, ай, жұлдыз, таңба секілді элементтердің барлығы белгілі бір мағына жүктеді: көк түс - Көк аспанның жарылқауы; қызыл - ерлік пен жауынгерлік рух; ақ - бейбітшілік пен әділдіктің нышаны; сары - билік пен төрелік сипаттың белгісі. Тарихи деректерде айқын көрініс таппаса да, шежірелік материалдар, орыс деректемелері, жыраулар поэзиясы, ортағасырлық миниатюралық суреттер мен этнографиялық зерттеулер Қазақ хандығы дәуіріндегі тулардың алуан сипатын аңғартады.

Ту - жауынгерлік қасиетті рәміз. Туларды ертеде құлынның жарғағынан, түсті матадан жасап, оған киелі белгілер салған. Туда әскердің рухы, намысы бар деп саналып, оның құлауын жеңілуден бірдей көрген. Ту ұстауға ең батыр адам сайланған. Мысалы: жоңғарлармен соғыста Байғазы батыр қолына жебе қадалса да, туды құлатпай ұстап тұрған. Тағы бір аңызда, Тоқтамыс Самарқанды қоршап тұрғанда туы кездейсоқ өз-өзінен жығылып, рухы түсіп, құты қашқан сарбаздар ойсырап жеңіліпті. Есауыл Рыбин Кенесарының бәйбішесі Күнімжанның ауылын шапқанда Кенесарының туындай ту желбіреп жұртты қапы қалдырып, сан соқтырыпты.

Ордабасындағы кеңестен кейін Әбілқайыр хан үш жүздің басын қосып Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатыпты. Сол сәтте даланың данышпан перзенті Төле би Бөгенбайға былай дейді:

- Бөгенбай батыр, сен көтерген бұл туда еңіреген ел мен жесір қалған келіншектің, аңыраған ана мен баланың, көзінен сора, көкірегінен нала кетпеген бабаның, кіндікке түскен сақалы, қайғы қасіреттен ағарған дананың көз жасы бар. Қасіретті елі үшін, қайғы жұтқан халқы үшін өлімнен де ықпайды, ерлік туын жықпайды деп қазақтың туын саған ұстаттық...-Жолың болсын батырым! - деген сәтте сол арада жиналып тұрған жүз мыңға жуық халықтың көңілдері толқып, жанарлары жасаурап кетіпті. Махамбет Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітер ме?» [1, 5 б.] жырларында тудың қасиетті ұғым ретінде көрінуі осы рәміздердің терең мағынаға ие болғанын көрсетеді.

Қазақ халқы өзінің ержүрек қайсар батырларын қорған тұтып, зор сенім білдіріп, мақтаныш еткен. Бұхар жырау Калқаманұлы өз жырларының бірінде:

«Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп.

Сонан сасып тұрмасқа» [2, 56 б.] - деген. 1916 жылғы Қазақстанда болған ұлт-азаттық күрестер кезінде Жетісуда Екінар ауылында үй төбесіне қызыл ту тігіп Бекболат Әшекеев дарға асылса. Торғайдағы көтерілісте Амангелдінің туын ту бегі Қияқбай ұстап, мыңдаған көтерілісшілерді біріктірген.[3, 350 б.]

Сонымен қатар, Қазақ хандығы дәуіріндегі ту тек соғыс құралы емес, дипломатиялық қатынастарда да маңызды рөл атқарды. Елшілік әскер бейбіт ниетті көрсету үшін ақ жалау көтерсе, жорықта жауынгерлер қызыл ту астында шабуылға шыққан. Хандар мен сұлтандардың айрықша туды

иеленуі олардың саяси мәртебесін, билік құқығын нақтылайтын белгі болған. Осылайша, Қазақ хандығының туларын зерттеу - тек бір рәміздің тарихын тану емес, ол қазақ халқының мемлекеттілік дәстүрлерін, әскери мәдениетін, рухани дүниетанымын, саяси құрылымын және тәуелсіздік идеясының тамырын ашып көрсететін маңызды ғылыми бағыт. Қазақ туларындағы рәміздер - ұлттың көне тарихынан жеткен құнды мәдени мұра, бүгінгі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы да осы ежелгі дәстүрдің заңды жалғасы болып саналады.

Түрік нәсілдес мұсылман халықтарының ту, жалау түстері дәстүрлі түрде көк, ақ, сары және сары ала болып қалыптасқан. Әрбір түс өзіне тән рәміздік мәнге ие және символикалық мағынасы бар. Көк түс - көк аспан мен тәңірлік биліктің белгісі, ақ түс - ақыл, тазалық және қайғыны бейнелейді, қызыл түс - от пен күннің, жылулық пен күштің символы, жасыл түс - көктем, жастық және жаңаруды білдірсе, қара түс - қайғы мен қамқорлықты білдіруі мүмкін. Ұлттық түстер халықтың табиғи болмыс-бітімімен, мінез-құлқы мен этнографиялық ерекшеліктерімен тікелей байланысты болып келеді. Мысалы, Испания туындағы қызыл-сары бояу испан халқының қызу қанды, ашық мінезін бейнелейді, ал Финляндия туындағы ақшыл және көгілдір реңктер фин халқының сабырлылығы мен салқынқандылығын көрсетеді.

Тарихи тұрғыдан қарағанда, түркі тектес халықтардың аса ірі мемлекеттерінің тулары негізінен бір түсті болып қалыптасқан. Мысалы, Мөде хан ұрпағы - ғұндар империясының сары туынан бастап, соңғы жеті ғасыр бойы өзгеріссіз желбіреп келе жатқан түрік әулетінің алқызыл туына дейінгі дәстүр сақталған. Қазақ хандары арасында алғаш қызыл ту ұстаған Орыс хан болып есептеледі. Ақ түсті тулары негізінен Шағатай әулетінен тараған билеушілердің еншісінде болса, көк түсті ту Үгедей ұрпақтарына тән болған. Әмір Темір әулеті империясының тулары аспан көк түсті болса, Абылай хан көтерген ту ақ түсті болған. Сонымен қатар, түстердің діни рәміздік мәні де болған. Мәселен, ақ түс - христиандарға, жасыл - мұсылмандарға, сарғыш-қызыл - буддаға табынушыларға қасиеттелген.

Ертеде және орта ғасырда әскерилердің арнайы формасы болмағандықтан, әскерді жау әскерінен айыру мақсатында, жауынгерлердің дулығалары мен найзаларына түсті мата мен белгішелер тағылған. Мұндай белгілер «жалау» деп аталған. Махмуд Кашғари өз сөздігінде «ұшына жібек шүберек байланған найза»[4] деп сипаттайды, бұл дәстүрді дәлелдейді. Қазақ фольклорында «жалаулы найза жанға алып...»[5] деген тіркестер жауынгердің жорыққа шығуы мен соғысқа қатысуын білдіреді. Сондай-ақ, шығыс миниатюраларында найзасына немесе дулығасына осындай белгі таққан жауынгерлер бейнеленген. Кеңестік дәуірде де қызыл жалаушалар бала-бақшалардан бастап мектептерге дейін қолданылып, қасиеттеп ұстап, қоғамдық тәрбие мен патриоттық тәрбиеде өз қызметін атқарған, бұл заттар тарихи ескерткіш ретіндегі маңызын сақтап қалды.

«Байрақ» - ту емес, биліктің, лауазымының белгісі, әскербасылар, патшалар жүрген жерде тумен қоса олардың байрақтары көтерілген. Соғыста онымен әртүрлі тактикалық белгілер беріліп, айқасты басқарып отырған. Байраққа қарап жауынгерлер патшаның, қолбасшының, шайқастың қай жерде жүргенін біліп отырған. Кейіннен лауазымды, билікті білдіру рәсіміне әскери мундирлерге көшкендіктен, байрақ қолданыстан шығып қалған.

Көне түркілер тоғыз - ақ айғырдың құйрығынан бір-бір уыс қыл алып, оны дөңгелете орналастырып, ұшын тегістеп киып, арнайы дінге орнатып, хан ордасының екі босағасына орнататын болған. Бұны бабаларымыз «байрақ», «қыл байрақ» деп атаған. Біздің бабаларымыз түркілер ақ жылқының құйрығынан байрақ жасап көтерді. Бұл дәстүр көне түркілердің дүниетанымына, философиялық түсінігін діни-табынушылық ерекшелігіне байланысты. Көктегі жаратушы тәңірдің жерге жіберген алғашқы елшісі - жылқы және құс. Сондықтан да көк түркілер көктегі тәңірдің жердегі елшісі жылқының қылын байрақ етіп көтерген. «Көк асаба» аталған көне байрақ түсі түркі халықтарының түп атасы кие тұтқан көк аспан әміршісінің белгісіне баланса, түркілердің тағы бір табынары - көк бөрі бейнесі де тудағы таңбаға айналған.[3, 346 .б]

Байрақ - бұл тек әскери немесе салтанатты нышан ғана емес, ол хандық биліктің, әскербасының, батырлық дәрежесінің, сондай-ақ жеке тұлғаның мәртебесінің символдық белгісі ретінде қалыптасқан тарихи рәміз. Дәстүр бойынша дәрежесіне қарай әрбір лауазымға сәйкес байрақ немесе ту тағайындалған: онбасы, жүзбасы сияқты әскери тұлғаларға байрақ берілсе, мыңбасы, түменбасы, әмірлерге ту, байрақ немесе жалау тапсырылған. Қазіргі тілде ту, байрақ, жалау сөздері жиі бір-бірінің синонимі ретінде қолданылса да, шын мәнінде олардың әрқайсысының қызметі мен философиялық мәні бөлек. Кейде баспасөз беттерінде немесе кітаптарда ағаш сапқа тағылған түсті мата желектер, аттың, аңның құйрықтары немесе түрлі бауларды тудың үлгісі ретінде қате түсіндірген жағдайлар кездеседі. Шын мәнінде, ту, байрақ, жалау - әрқайсысы жеке функциясы бар заттар, олардың формасы, қолдану жолы және символдық мәні әр түрлі.

Ежелгі дәстүрлерде байрақ жасау ерекше мәнге ие болған. Көне түркілер мен шығыс жұрттарының көшпелі мәдениетінде ағаш сапқа аттың немесе қодастың құйрығын, жібек немесе мата шашақтарын, түсті ленталарды бекітіп, оларды әскери немесе лауазым белгісі ретінде қолданған. Алғашында мұндай белгілер найзаның ұшына тағылып, әскери күш пен дәрежені білдірген, кейін олар әртүрлі әшекейлі белгішелермен толықтырылып, жеке тұлғаның билігі мен мәртебесінің символына айналған. Бұл дәстүрді көруге Шыңғысхан әскеріндегі ақ және қара қыл-байрақтардың қолданылуы мысал бола алады, онда түсін өзгерту немесе сілтеу арқылы әскерге тактикалық белгі берілген. Сол сияқты қазақ батырлары мен әскербасылары да әскери дәрежелерін көрсететін байрақты ұстап, айқасты басқарған. Қазақ эпосында, аңыздарында батырлардың байрақ ұстап, әскерге жетекшілік еткені туралы көптеген деректер сақталған. Байрақтар ұрпақтан ұрпаққа мұра болып өткен және ерекше құрметке ие болған.

Байрақ тек әскери мақсатпен шектелмей, жеке биліктің, дәреженің, лауазымның белгісі ретінде де маңызды болған. Әр халық өз дәстүріне сәйкес байрақ басына киелі немесе кие тұтқан символдарды орнатқан. Мысалы, Вавилонда егіз бейнесі, мұсылман елдерінде «АЛЛА» сөзі, көшпелілерде айдаһар немесе көк бөрі бейнесі қолданылған. Түркі тілдерінде ағаш сапқа бекітілген дәреже белгілері «байрақ» немесе «мунджук» деп аталып, орыс тілінде «бунчук» ретінде танылған. Байрақты ұстап жүруге арнайы адамдар тағайындалған, оларды «байрақшы» деп атаған. Сонымен қатар, шығыстағы әскери дәстүр бойынша батырларға немесе әскербастарға дәрежелік белгілер ретінде байрақтар тапсырылған. Түркияда янычарлар командирлеріне дабыл немесе байрақ тағайындалған, ал Шығыс Азия мемлекеттерінде хандар мен әскербасылардың дәрежесін білдіретін символдық белгілер әрдайым ерекше сақталған.

Байрақтың физикалық формасы әртүрлі болған. Ол ағаш сапқа бекітіліп, аттың немесе қодастың құйрығынан, мата баулардан, жібек шашақтардан жасалған. Кейде найза түрінде немесе діни-символдық бейнелермен әшекейленген. Бұл заттар салтанатты рәсімдерде, жорықтарда немесе шайқастарда қолданыс тауып, әскер мен халыққа моральдық, психологиялық қолдау көрсеткен. Байраққа қатысты дәстүрлер Шығыс пен Еуропаның кейбір мемлекеттерінде де сақталған: Австрия, Польша, Ресей патшаларының сарай басқарушылары және қазақ атамандары өз билік белгісі ретінде байрақты қолданған. Сонымен қатар, байрақтың формасы мен символикалық мәні шығыс өнеріндегі миниатюралардан, мүсіндерден және музейлік экспонаттардан көрініс табады. Мысалы, Шыңғысханның ақ және қара әскери байрақтары Моңғол мемлекеттік музейінде сақталған, олар шығыс бейнелеу өнерінде жиі көрсетіледі. Байрақтардың басты ерекшелігі - олардың көпфункционалдығы: бір жағынан әскери тактикаға қызмет етсе, екінші жағынан жеке билік пен мәртебенің символы болып, халыққа рухани әсер береді.

Байрақтар мен ту арасындағы философиялық айырмашылық айқын. Байрақ - жеке тұлғаның билік, дәрежесін көрсететін, әскери және лауазымдық мәртебесін белгілеуші құрал болса, ту - мемлекеттің бірлігі мен жауынгерлік рухын бейнелейтін қасиетті рәміз ретінде қабылданған. Ту қасиетті, киелі рәміз ретінде халыққа моральдық күш беріп, жауынгерлік рухты көтерген. Көшпелі халықтарда байрақтар әрқашан қастерленіп, ұрпаққа мұра болып өткен. Сонымен қатар, байрақтың әртүрлі үлгілері мен формалары оның тарих бойы өзгеріп, дамығанын көрсетеді: оны ағаш сапқа бекіту, аттың мойнына тағу, найза ұшына бекіту, әртүрлі шашақтар мен символдық бейнелермен толықтыру дәстүрі ғасырлар бойы жалғасқан.

Көшпелі және отырықшы халықтардың байраққа деген ерекше құрметі олардың мәдениеті мен дүниетанымында көрініс табады. Түркі, моңғол, қытай, иран және үнді дәстүрлерінде байрақ әрдайым жеке билік пен әскери күштің символы ретінде қолданылып, салтанатты рәсімдерде, жорықтарда немесе соғыс аймағында әскерге тактикалық нышан ретінде көрсетілген. Байрақ тек материалдық зат емес, ол тарихи, философиялық, мәдени және әскери мәнге ие болған киелі рәміз. Оның әрбір үлгісі халықтың дүниетанымын, діни сенімін, әскери тәжірибесін бейнелейді. Осы тұрғыдан байрақ - жеке билік пен әскербасшылық дәреженің, сондай-ақ көшпелі халықтардың әскери мәдениетінің негізгі рәміздерінің бірі болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы - тәуелсіздіктің, бостандық пен егемендіктің белгісі. Ол ортасында шұғылалы күн, оның астында халықта ұшқан қыран бейнеленген, тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының сол жақ тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Көгілдір түс бүкіл бейбіт ашық аспанның ортақ берекесі, тыныштығы, бейбітшілік пен бірлігінің көрінісі іспеттес. Күн - байлық пен молшылықтың, ал оның шуағын шашқан нұрлы сәулелері гүлденудің, береке-байлықты нышаны болып табылады. Қанатын кеңге жайған қыран бейнесі билікті, қерегенділікті, кең пейілді білдіріп, халықтың бақытқа, жақсылыққа ұмтылысын бейнелейді. Ұлттық

«Қошқар мүйіз» өрнекті тік жолақ Қазақстан халқының ұлттық дәстүрлерімен терең тамырластығын танытады.[6, 9 б]

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы - тәуелсіздіктің, бостандық пен егемендіктің басты символы. Ол 1992 жылғы 4 маусымда Президенттің жарлығымен ресми түрде қабылданған. Тудың негізі - көгілдір түсті тік бұрышты мата, бұл түс қазақ халқының тұңғыш аспан, бейбітшілік пен бірлік символы ретінде қабылдайды. Ортасында алтын күн бейнесі бар, оның сәулелері молшылық пен байлықтың, гүлденудің, береке-байлықтың нышаны болып табылады. Күннің астында қанатын кеңге жайған қыран бейнеленген, ол билік пен еркіндікті, рухтың биіктігін, халықтың бақытқа, жақсылыққа ұмтылысын бейнелейді. Тудың сабының сол жақ бөлігінде орналасқан «Қошқар мүйіз» ұлттық өрнегі Қазақстанның ұлттық дәстүрлерін, тарихын және мәдени мұрасын көрсетеді. Бұл өрнек ежелгі түркілік символизмнен шыққан және халқымыздың бейбітшілік пен бірлікті сақтау ниетін білдіреді. Тудың ресми пропорциясы - ұзындығы еніне қарағанда 1,5 есе көп, күн мен қыран бейнесінің өлшемдері ресми стандартқа сәйкес орналастырылады. Көгілдір түс бейбітшілік пен тұрақтылықты, ашық аспанды білдірсе, алтын түс байлықты, молшылықты, қуаныш пен берекені білдіреді. Мемлекеттік және ресми шараларда, ғимараттарда ту көтеріліп, мерекелік рәсімдерде міндетті түрде қолданылуы тиіс. Тудың композициясы халықтың қауіпсіздік, бақыт және бірлікке ұмтылысын бейнелейді, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен тарихқа терең тамырластығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылғандай, Қазақ хандығының тулары, байрақтары мен жалаулары - көшпелі мемлекет тарихында мемлекеттіліктің, әскери мәдениеттің және рухани дәстүрдің біртұтас көрінісі ретінде ерекше рөл атқарған маңызды рәміздер болып табылады. XV ғасырдан бастап Шу мен Талас өңірінде қалыптасқан Қазақ хандығы өз саяси құрылымымен қатар, ерекше мемлекеттік белгілер мен әскери дәстүрлерді дамытты. Тулар мен байрақтар хандық биліктің мәртебесін, әскердің бірлігін, ру-тайпалық қауымдастықтардың тұтастығын және халықтың тәуелсіз рухын бейнелейді. Көшпелі дәуірде тудың құлағаны - мемлекеттің әлсіреуі, рухтың түсуі ретінде қабылданған, ал тудың көтерілгені - халықтың мерейі мен ел бірлігінің күшеюін білдіретін қасиетті рәміз болды. Жоғарыда кездескен мәліметтерді академик Манаш Қозыбаевтың «Жауға шаптым ту байлап» [6] деген кітабынанда кездестіруге болады.

Қазақ хандығының ту мәдениеті ежелгі түркілердің «туғ» дәстүрінен бастау алып, ғұндар мен Түрік қағанаты дәуірінде Көк Тәңірінің қорғауының символы ретінде қалыптасты. Алтын Орда арқылы қазақ қоғамына жеткен бұл дәстүр кейін хандар, сұлтандар, батырлар мен тайпалардың өз рәміздерінде көрініс тапты. Әр түстің, өрнектің және таңбаның өз мағынасы болды: көк - Көк аспан мен тәңірлік билікті, қызыл - ерлік пен жауынгерлік рухты, ақ - бейбітшілік пен әділдікті, сары - билік пен төрелікті бейнелейді. Осы символдар халықтың философиялық дүниетанымымен, діни сенімдерімен және әскери тәжірибесімен тығыз байланысты болды.

Байрақтар мен жалаулар тек әскери құрал ғана емес, жеке тұлғаның билік дәрежесін, әскербастар мен батырлардың мәртебесін көрсету үшін де қолданылды. Олар ұрпақтан ұрпаққа мұра болып өткен және ерекше құрметке ие болды. Қазақ батырлары мен әскербасылары үшін байрақты ұстау - ерліктің, намыстың және халық алдындағы жауапкершіліктің белгісі болып саналды. Сонымен қатар, дипломатиялық қатынастарда және бейбіт ниет көрсету кезінде де арнайы түсті жалаулар қолданылды. Осылайша, тулар мен байрақтар Қазақ хандығының мемлекеттілік, әскери және рухани дәстүрінің көпфункционалды көрінісі болды.

Қазіргі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы да осы ежелгі дәстүрдің заңды жалғасы ретінде қабылданады. Көгілдір фон - бейбіт аспан мен бірліктің символы, алтын күн - молшылық пен гүлденудің белгісі, қанатын кеңге жайған қыран - билік пен рух биігін, халықтың жақсылыққа ұмтылысын бейнелейді. Ұлттық «Қошқар мүйіз» өрнегі қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын, дәстүрлерін көрсетеді. Осы тұрғыдан, мемлекеттік ту мен оның тарихи бастаулары - халықтың мемлекеттілік санасы мен рухани мәдениетінің, әскери дәстүрлерінің, тәуелсіздік идеясының көрінісі болып табылады.

Осылайша, тулар, байрақтар мен жалауларды зерттеу тек рәміздердің тарихын ғана емес, қазақ халқының мемлекеттілік дәстүрін, әскери мәдениетін, философиялық ой-санасын және ұлттық рухын терең түсінудің маңызды ғылыми құралы болып саналады. Олар ұрпаққа рух беріп, мемлекеттіліктің, бірліктің және тәуелсіздіктің символы ретінде бүгінгі күнге дейін өз мәнін сақтап келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өтемісұлы, Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай: өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 2002. - 132 б.
2. Үш ғасыр жырлайды: Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ақындарының шығармалары / - Алматы: Жазушы, 1965. - 679 б.
3. Шотбақова, Л.Қ., Амрина, М.С. Қосалқы тарихи пәндер: оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. - 418 б.
4. Ақтамберді Сарыұлы. «Күлдір-күлдір кісінетіп» // Әдебиет майданы. - 1935. - №1.
5. Шаймерденұлы Е. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Тәуелсіздік нышандары. - Алматы: Астана баспасы, 2000. - 160 б.
6. Манаш Қозыбаев. Жауға шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994.

Buketov University